

15-апта

Дәріс № 29-30

Дереккөздерді пайдалану шектеулері

1. Дереккөздерді бағалау
2. Дереккөздерді пайдаланудағы авторлық құқық пен лицензиялық шектеулер
3. Интернетте іздеудің ең жақсы он іздеу нұсқаулығы

1. Интернет ресурстарын пайдаланумен қатар оларды бағалай да білу керек. Қайсысын пайдаланған дұрыс және дұрыс дегенді қалай анықтаймыз. Дұрыстықтың параметрлері қандай? Мысалы, мен уикипедия пайдаланбау туралы айтамын. Неге себебі академиялық тұрғыдан сенімді емес. Дегенмен уикипедияны пайдалануға кеңес беретін ғалымдар да бар. Сондай-ақ интернеттен қандай да бір материалды пайдаланғанда, авторы кім деген сұрақ та қойылуы тиіс. Авторы магистрант, студент, белгілі ғалым? Бағалауда журналға да қараймын, рецензиялаудан өткен журналда жарияланған ба оны да қарау керек.

Ендеше, интернет ресурстарын бағалауға тоқталайық. Интернетті зерттеулер үшін пайдалануда **веб-сайттарды бағалау** мүмкіндігін талап етеді. «Интернет - ұйымдастырылмаған және басым жағдайда тексерілмеген материалдардың үлкен қоймасы, сондықтан зерттеушілер вебқа негізделген материалдың қаншалықты орынды екенін тез анықтай алуы керек» (Луи Коэн, Лоуренс Манион және Кит Моррисон Louis Cohen, Lawrence Manion and Keith Morrison. Research Methods in Education Sixth edition. Taylor & Francis, 2007). Интернет ресурстарын бағалауда зерттеулерде бірнеше факторлар көрсетіледі, мен солардың ішінен іріктелген жиі кездесетін мына факторларға көңіл бөлу керек деп айтамын:

Автор - Author

Мақсат - Purpose

Объективтілік- Objectivity

Дәлдік - Accuracy

Сенімділік және сенім - Reliability and Credibility

Жаңартылуы - Currency

Интернет ресурстарын пайдаланбас бұрын өзіңізге мына сұрақтарды қойыңыз:

Автор

- Автордың/жасаушының аты-жөні бетте бар ма?
- Оның деректері (кәсібі, тәжірибесі, қызметі немесе білімі) көрсетілген бе?
- Автор берілген тақырып бойынша жазуға қабілетті ме? Неліктен?
- Беттің бір жерінде электрондық пошта мекенжайы сияқты байланыс ақпараты бар ма?
- Басты бетке сілтеме бар ма?
- Басты бетке сілтеме бар болса, ол жеке адамға ма, әлде ұйымға арналған ба?
- Егер автор ұйымда болса, ол бетті қолдайды немесе демеушілік жасайды ма?
- Домендік атау/URL ақпарат көзі туралы нені көрсетеді, егер бар болса?
- Егер иесі анықталмаса, мекенжайдан сайттың шыққан жері туралы не айта аласыз?

Мақсат

Беттің жасалу себебін білу оның мазмұнын бағалауға көмектеседі.

- Мақсатты аудитория кім?
- Ғылыми аудитория немесе сарапшылар?
- Жалпы жұртшылық па, әлде жаңадан келгендер ме?
- Егер айтылмаса, сайттың мақсаты қандай деп ойлайсыз? Мақсаты:
- Ақпараттандыру немесе үйрету?
- Түсіндіру немесе ағарту?
- Сендіру?
- Өнімді сату ма?

Объективтілік

- Ақпарат фактіге, пікірге немесе насихатқа қатысты ма?
- Автордың көзқарасы объективті және бейтарап па?
- Тілінде эмоциялы сөздер мен жалған сенім (bias) жоқ па?
Bias - жеке пікірлердің сіздің тұжырымыңызға әсер етуіне мүмкіндік беретіндіктен, белгілі бір адамды немесе нәрсені әділетсіз жолмен қолдау немесе оған қарсы тұру әрекеті
- Автордың ұйымға қатысы бар ма?
- Автордың қандай да бір мекемеге немесе ұйымға қатыстылығы ақпаратқа теріс әсер етеді ме?
- Беттің мазмұнына мекеменің, ұйымның немесе компанияның ресми рұқсаты бар ма?

Дәлдік

- Ақпаратты тексеруге болатындай нақты ақпарат көздері анық көрсетілген бе?
- Материалдың мазмұнының дұрыстығына түпкілікті жауапкершілік кімге жүктелетіні анық па?
- Тәуелсіз дереккөздердегі немесе өзіңіздің біліміңіз бойынша кез келген ақпаратты тексере аласыз ба?
- Ақпарат қаралды ма немесе қайта қаралды ма?
- Ақпаратта грамматикалық, орфографиялық немесе типографиялық қателер жоқ па?

Сенімділік (факт) және сенім (сапа)

- Неліктен бұл сайттағы ақпаратқа біреу сенуі керек?
- Ақпарат дұрыс және жақсы зерттелген ме, әлде дәлелдермен расталмаған ба?
- Дәйексөздер мен басқа да сенімді тұжырымдарды сіз басқа құралдар арқылы тексере алатындай дереккөздермен қамтамасыз етілген бе?
- Бұл ақпаратты қандай мекеме (компания, үкімет, университет және т.б.) қолдайды?
- Егер бұл мекеме болса, сіз бұл туралы бұрын естідіңіз бе? Ол туралы қосымша ақпарат таба аласыз ба?
- Бұл материалдың заңдылығын тексеруге мүмкіндік беретін интернеттен басқа баламасы бар ма?

Reliability - the fact that someone can be believed or trusted

Credibility - the quality of being able to be trusted or believed because of working or behaving well

Жаңартылуы

- Ақпараттың уақытылы болуы маңызды болса, ол жаңартылып отырады ма?
- Сайт соңғы рет қашан жаңартылғанын көрсететін көрсеткіш бар ма?

Луи Коэн, Лоуренс Манион және Кит Моррисон веб-сайттарды бағалаудың бірнеше критерийлері бар, соның ішінде төмендегілерін айтады:

- сайттың мақсаты, себебі бұл пайдаланушыларға оның өзектілігі мен орындылығын анықтауға мүмкіндік береді,
- материалдың беделі мен шынайылығы, ол беделді болуы керек және оның көздерін жариялауы керек,
- материалдың мазмұны – оның жаңартылуы, қатыстылығы және қамтыуы,
- материалдың сенімділігі мен заңдылығы (мысалы, ол беделді дереккөзден немесе ұйымнан алынған ба),
- материалдың дұрыстығы, дәлдігі, толықтығы және шыншылдығы,
- ұсынылатын және/немесе талқыланатын материалдың объективтілігі мен қатандығы (rigour – бұл терминмен таныссыздар)

Louis Cohen, Lawrence Manion and Keith Morrison. Research Methods in Education Sixth edition. Taylor & Francis, 2007, 244-245

Айтылған талаптар білім беру саласына қатысты жазылған зерттеулерге қатысты айтылған болса, интернеттегі материалдарды бағалауда айтылған бұл талаптар лингвистикалық зерттеулерге де қатысы бар.

Зерттеушіге пайдаланылған **веб-сайт материалының толық библиографиялық деректерін**, оның ішінде қай күні алынғанын және веб-сайт мекенжайын сақтау маңызды.

Интернетті пайдалану сізге зерттеуші ретінде көп әдебиеттерге қол жекізуге мүмкіндік береді. Әр түрлі ресурстармен жұмыс істей аласыз. Дегенмен интернет арқылы мүмкін болатын дереккөздерге белгілі бір сыни көзқараспен қарап іріктей алу қажет. Студенттер зерттеу жобасын жазу үшін өте көп әдебиеттермен жұмыс істеуіне тура келеді. О Лиридің әдебиеттерді басқару деп атауы белгілі бір деңгейде интернет арқылы тапқан әдебиеттерді басқаруға да қатысты: «Студенттер зерттеу жобасын қолға алғанда өте көп әдебиетпен жұмыс істеу керегін біліп, шошып кетеді. Зерттеу кезінде көп нәрсені оқу керек, сондықтан оны басқару әдісін тапқан жөн. Әйтпесе жинаған материалдарыңызды шаң басып қалады. Оны басқару үшін әдебиеттің өзектілігін тез әрі тиімді бағалау қажет, дереккөздерді жүйелі түрде бақылап, жазып отыру шарт» (магистранттар өздері оқиды).

2. Интернеттен элементтерді жүктеу кезінде авторлық құқық пен лицензиялық шектеулер

Толық мақалалар мен есептерді қарап шығу сіз үшін әрқашан пайдалы, бірақ веб-парақтарды файлға жүктеп алып, олардан үзінділерді кейінірек пайдаланғыңыз келсе, авторлық құқық және лицензиялық шектеулер туралы өте мұқият болуыңыз керек. Деректер базасының анықтамалық көмегі сізге нені жүктеп алуға, басып шығаруға және пайдалануға болатынын және нені пайдалана алмайтыныңызды хабарлауы керек. Егер олар болмаса және күмәніңіз болса, жетекшіңізден және/немесе арнайы кітапханашыдан көмек сұраңыз. Кейбір мекемелердің веб-парақшалары заңды түрде «әділ мәміле» деген не және не емес екендігі туралы толық мәлімдемелер береді, сондықтан сіздікі солардың бірі екеніне көз жеткізген жөн. Біз барлығымыз веб-парақтардан қиып аламыз және қоямыз, бірақ егер сіз абай болмасаңыз және элементтердің қайдан алынғаны туралы толық мәліметтерді (парафразаларын қоса), олар қашан шығарылғанын және өзіңіздің жазбаларыңызға кімнің сөздерін қойып жатқанын көрсетпесеңіз, сіз қиындыққа тап болуыңыз мүмкін, өйткені сіз тағы да **плагиат ісіне** қатысыңыз болуы мүмкін.

Авторлық құқық туралы білу

Әдебиет іздеу кезінде авторлық құқыққа мән беруді ұмытпаңыз. Авторлық құқық түпнұсқа туындыны жасаған адамның айрықша құқығы бар дегенді білдіреді (әдетте шектеулі уақыт аралығында). Адалдық нормасын ұстанбаңыз (Ұлттар достастығындағы ереже) немесе адал ниетпен қолданбаңыз (АҚШ-тағы ереже), авторлық құқықпен қорғалған материалды пайдалана алмайсыз.

Австралияда (адалдық нормасына орай) оқу және коммерциялық емес мақсатта зерттеу жүргізу кезінде мына әдебиеттерді көшіруге болады:

- кітаптың бір тарауын немесе 5 пайызын;
- журнал немесе газеттің бір мақаласын;
- конференция материалдарының жинағынан бір баяндаманы;
- заңдар жинағынан бір кейсті;
- көлемі 10 бетке дейін жететін шағын әдеби шығарманы;
- уеб-материалдың бір (баспа) көшірмесін (көшірудің басқа тәртібі сайтта көрсетілмесе).

Фотокөшірме материалды диплом жұмысына қолданғанда рұқсаты болған жағдайда ғана белгілі бір мөлшерде көшірме жасай аласыз. Адалдық нормасы және адал ниетпен қолданудың әр елдегі шарты мен ережесі әртүрлі. Өз еліңіздегі авторлық құқық туралы заңды оқу орнының көмегімен немесе Google арқылы іздеп, танысып алыңыз (білесіздер ме, Қазақстанда қандай ереже бар?).

Екінші еңбек: Зина Олири «Зерттеу жұмысына нұсқаулық»
(<https://kitap.kz/book/6456/read>)